

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика
комитетінің кеңейтілген отырысының
ХАТТАМАСЫ**

2018 жылғы 19 қазан

Астана қаласы

Төрағалық еткен:
ҚР Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы

Н.С.Айдапкелов

**1. Комитеттің 2018 жылғы III тоқсандағы жұмыстар қорытындысы
және IV тоқсанға қойылған негізгі міндеттері туралы**

(Н.С. Айдапкелов)

1. Статистика комитетінің төрағасы Н.С. Айдапкеловтің ақпараты назарға алынсын.

2. Баға статистикасы басқармасына:

2.1. Базалық кәсіпорындардың тізімін өзектілендіру, өнім тізбесін жаңарту, өлшеу схемаларын дайындау бойынша 2019 жылғы экономиканың барлық секторларына баға бақылауларын жүргізу үшін дайындық жұмыстарын жүргізу.

2.2. Тұтыну секторы бойынша ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда тұтыну секторында тіркелген бастапқы деректердің дұрыстығы сапасын бағалау үшін ОДҚ-да көшпелі бақылау іс-шараларын жүргізуді тапсырамын.

3. Демографиялық статистика басқармасына ағымдағы жылдың соңына дейін «Құқық қорғау органдарына халыққа деген сенімін» зерттеу жөніндегі статистикалық нысанды бекітуді тапсырамын.

4. Халықаралық статистикалық ынтымақтастық басқармасына Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік – экономикалық жағдайына зерттеуді қамтамасыз ету. Республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты игеру бойынша жұмысты күшейтуді тапсырамын.

5. Ақпараттық технологиялар басқармасына Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер басқармасы, Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасымен бірлесіп, ағымдағы жылдың I қарашасына дейін «On-line режимде деректерді жинау» АЖ-да есеп берген респонденттердің саны туралы мәліметтерді қалыптастыру кезінде қызметінің болмауы туралы анықтамаларды есепке алу бойынша шешім ұсынуды тапсырамын.

6. Ақпараттық технологиялар басқармасы, Заң басқармасы және РМК «ОӘО»-мен бірлесіп, ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін, профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша респонденттердің хабарламаларын жасауды автоматтандыру бойынша шешімін ұсынсын.

7. Заң басқармасы ағымдағы жылдың 25 қазанына дейін Алматы қаласы СД алдын алу бақылауын жүргізу бойынша түсіндірме берсін.

8. Пайдаланушылармен жұмыс жөніндегі басқарма РГП «ИВЦ» мен бірлесіп Statgov.kz (<https://www.youtube.com/channel/UCkTTEsE4VDBGHg2oAzMI8xA>) Комитеттің Youtube каналын толтыру үшін ақпараттық бейнероликтерді қалыптастыру бойынша жұмыстарды жеделдетсін.

9. Аумақтық статистика органдарының басшыларына:

9.1. Тұтыну нарығындағы бағалардың өзгеруінің нақты ахуалын тұрақты түрде көрсетуді қамтамасыз ету.

9.2. Респонденттердің толық қамтылуын, сондай-ақ 1-инвест нысаны бойынша есептерде респонденттер ұсынатын негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректердің сапасын тұрақты бақылауды қамтамасыз ету. Ағымдағы жылдың соңына дейін қабылданған шаралар туралы есеп беру.

9.3. Индикаторлар бойынша статистикалық деректерді қалыптастыру әдістемесін түсіндіру және есептік деректерді ұсыну мәселесі бойынша кеңес беру үшін респонденттердің қатысуымен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру. Ағымдағы жылдың соңына дейін өткізілген кездесулер туралы есеп беру.

9.4. Жергілікті атқарушы органдар мамандарының статистика саласындағы әдіснамалық ережелерді түсіндіру бойынша оқу семинарларын ұйымдастыру, кейіннен семинарлар өткізу шамасына қарай Статистика комитетіне семинарлар нәтижелері бойынша есептер жіберу.

9.5. Респонденттердің толық қамтылуын және ұсынылатын алғашқы статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты түрде ЖАО-мен бірлескен жұмыс жүргізу.

9.6. Қағаздағы статистикалық талондарды ай сайын Тіркелімдер және жіктелімдер басқармасы аумақтық статистика департаменттеріне қалыптастырып, жіберетін электронды жазбалармен салыстыру бойынша жұмысты жалғастыру.

9.7. Жұмыспен қамтуды және өмір сүру деңгейін іріктеп зерттеу бойынша бастапқы деректерді енгізу және талдау сапасын қамтамасыз ету.

9.8. Кедейшілік көрсеткіштерін, табыстардың біркелкі еместігін және жұмыссыздықты басқа статистикалық зерттеулермен, ведомстволық және әкімшілік деректермен салыстыру, талдау бөлігінде жұмысты күшейту.

9.9. а.ж. соңына дейін бюджеттің 100% игерілуін қамтамасыз ету.

9.10. Онлайн режимде статистикалық нысандарды ұсынатын респонденттер санын арттыру бойынша жоспарды орындау бойынша жұмысты күшейту.

9.11. Комитеттің Statgov.kz (<https://www.youtube.com/channel/UCktTEsE4VDBGHg2oAzMI8xA>) Youtube каналының таралуына жәрдем көрсету. Каналды одан әрі дамыту бойынша идеялар мен ұсыныстарды a.sandikbaeva@economy.gov.kz. электрондық мекенжайына жіберу.

2. «2019жылғы Қазақстан халқының ұлттық санағына дайындық мәселелері».

(Н.А. Қожақов)

1. Ұлттық санақтарға дайындық және өткізу басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Ұлттық санақтарға дайындық және өткізу басқармасы ағымдағы жылдың қараша айында санақ мәселелеріне жетекшілік ететін облыстық статистика департаменттері басшыларының орынбасарлары мен санақ бөлімдері басшыларының қатысуымен халық санағына дайындық бойынша семинар ұйымдастыру.

3. Аумақтық статистика органдарының басшыларына:

3.1. Санақ персоналының жинақталуын қамтамасыз ету;

3.2. Ағымдағы жылдың 7 қарашасында дейінгі мерзімде Ұлттық санақтарға дайындық және өткізу басқармасына халық санағы бойынша алдағы семинарға проблемалық мәселелерді жіберу.

Комитет төрағасы



Н.Айдапкелов